

## Теректі ауданының аумағында біржолғы талондардың құнын және бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық мәслихатының 2009 жылғы 2 наурыздағы № 16-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 17 наурызда № 7-12-77 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық мәслихатының 2012 жылғы 16 қарашадағы № 6-2 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық мәслихатының 16.11.2012 № 6-2 шешімімен (01.01.2013 бастап күшіне енеді)**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Теректі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қызметі дүркін-дүркін сипатта болып, жеке тұлғаларға үшін біржолғы талондардың құны 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Бірыңғай тіркелген салық ставкалары 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы 1 қаңтардағы туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*С.И. Серіккалиева*

*М.О. Төлегенов*

2009 жылғы 2 наурыздағы  
N 16-2 Теректі аудандық  
мәслихаттың шешіміне  
N 1 қосымша

### **Қызметі дүркін-дүркін сипатта болып, жеке тұлғаларға үшін біржолғы талондардың құны**

N	Қызметінің атауы	Біржолғы талондардың құны
1.	Сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда)	
1.1	Газет пен журналдар	12

2.	Тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материалдар (екпелер, көшет)	38
3.	Бақша дақылдары	76
4.	Саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдер	12
5.	Қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдері	40
6.	Жануарлар мен құстардың жемдері	76
7.	Сыпыртқылар, сыпырғылар, орман жидектері, бал, саңырауқұлақ және балық	38
8.	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке тракторлар иелерінің көрсететін қызметі	76
9.	Үй жануарлары мен құстарды бағу	40

2009 жылғы 2 наурыздағы  
N 16-2 Теректі аудандық  
мәслихаттың шешіміне  
N 2 қосымша

## Бірыңғай тіркелген салық ставкалары

N	Салық салу объектісінің атауы	Бірыңғай тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш )
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдалынатын дербес компьютер	1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3